



**Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің
«Қарақұм»бөбекжайы» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік коммуналдық қатыналық кәсіпорны
2023-2024 оқу жылына арналған дефектолог маманының ұйымдастырылған іс-әрекетінің
перспективалық жоспары.
(кіші топ)**

2023-2024ж

№	Арнайы түзетуші іс-әрекет Танымдық іс-әрекетінің кемшіліктерін түзету		Айы
	Қоршаған ортамен таныстыру және сөйлеуді дамыту 1 с	Сенсорика 1 с	
1	Сурет арқылы немесе заттардың өзін ұстап, сипап, қарау арқылы балабақша мен ойыншықтармен танысу. Балаларда сөзсіз қарым-қатынас нысандарын дамыту: серіктестің бетіне көз қырын салу икемі.	Көріп қабылдау мен зейінді дамыту: жеке заттарды қабылдау, оларды ортадан ерекшелеу; шымылдықтың алдымен бір жерінен, содан кейін белгілі бір екі жерінен бірізділікпен пайда болатын қуыршақты күту, зейінді қалыптастыру;	Қыркүйек айы. 1-2 апта 01.09-15.09.2023
2	Жемістер мен көкөністерді үйрету. Сурет арқылы немесе заттардың өзін ұстап, сипап, қарау арқылы жемістер мен көкөністермен танысу. Балаларды «бер», «ал», «бар», «отыр» сөздерін түсіну білігіне үйрету;		2-3 апта 18.09-29.09.2023
3	Сурет арқылы немесе заттардың өзін ұстап, сипап, қарау арқылы табиғат құбылыстарымен танысу. Педагогтің нұсқауы бойынша заттарды, тану және көрсету білігін үйрету; Ата-анасын, жақын туыстарын (ана, әке, әже) атау икемін дамыту;	Ересектің әрекетін алдымен затсыз, содан кейін затпен (ойыншықтармен) шығару; таныс заттарды тану (өзінің ойыншығын табу);	Қазан айы. 1-2 апта 02.10-13.10.2023
4	Сурет арқылы немесе заттардың өзін ұстап, сипап, қарау арқылы күз мезгілінің қызықтарымен танысу. Қарапайым нұсқауларды түсіну және орындау біліктерін қалыптастыру;		3-4 апта 16.10-31.10.2023
5	Сурет арқылы қыстайтын жабайы құстар, құстар туралы сипаттама беріп түсініктерін қалыптастыру. Қаратпа сөйлеу тіліне зейін салып тыңдау икемін дамыту;	Естіп қабылдау мен зейінді дамыту: белгілі бір аспаптың дыбысталуына әсерін әрекетпен білдіре отырып, екі музыкалық аспаптың (дағыра-сыбызғы) дыбысталуын ажырату. Дыбысқа еліктеуге құлақ түріп, дыбысталудың сәйкес ойыншыққа қатысын анықтау.	Қараша айы 1-2 апта 01.11-10.11.2023
6	Сурет арқылы немесе заттардың өзін ұстап, сипап, қарау арқылы көліктер түрлерімен танысу. Біржақты диалогты жүргізу икемін бекіту (педагог сюжеттік суреттің мазмұны бойынша сұрақ қояды, ал бала оған ыммен жауап береді);		
7	Ормандағы аңдар мен үй жануарлары туралы сурет арқылы әңгімелеп сипаттама балалардың түсініктерін қалыптастыру. Балаларды «бер», «ал», «бар» сөздерімен фразаларды құрастыру икеміне үйрету; балаларды	Тактильдік-кимылдық қабылдауды дамыту: геометриялық пішіндерді (шар, текше) сипау арқылы қабылдау. Ересектің әрекетіне еліктеу, үлкен заттарды екі қолымен, кіші заттарды бір қолымен алу. Өзара байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға үйрету (жаю-жинау, алу-салу, бірінен алып, екіншіге қою).	3-4 апта 13.11-24.11.2023
			Желтоқсан айы 1-2 апта

	ойыншықтармен әрекет жасау нәтижелері бойынша сөз сөйлеуге талаптандыру;		27.11-01.12.2023
8	Отан туралы сурет арқылы әңгімелеп сипаттама балалардың түсініктерін қалыптастыру. Достарының, қуыршақтардың есімдерін атау икеміне үйрету;	Күтілетін нәтиже: ➤ заттарды сезімталдықтың әртүрлі түрлерін тексеруге қатыстыра отырып қарастырады; ➤ жақын ортадағы заттарды көру арқылы таниды; ➤ геометриялық пішіндерді (шар, текше) сипау арқылы ажыратады; ➤ ересектің әрекетін заттармен (ойыншықтармен) шығарады; ➤ әрекеттерді ойыншықтармен (жаяды-жинайды, алады-салады, анарып қояды) орындайды; ➤ екі музыкалық аспаптың дыбысталуын ажыратады.	3-4 апта 04.12.15.12.2023
9	Жаңа жыл сурет арқылы әңгімелеп сипаттама балалардың түсініктерін қалыптастыру. Белгілі заттарды көрсету икеміне үйрету; осы сөздермен алғашқы сөйлемдерді құрастыру икемін қалыптастыру;		18.12-29.12.2023
10	Сурет арқылы үй құстары туралы сипаттама беріп түсініктерін қалыптастыру. Қаратпа сөйлеу тіліне зейін салып тыңдау икемін дамыту;		Қаңтар айы 1-2 апта 01.01-12.01.2024
11	Мамандар туралы сурет арқылы әңгімелеп сипаттама балалардың түсініктерін қалыптастыру. Балаларға сурет арқылы көрсету.	Көріп қабылдау мен зейінді дамыту: жеке заттарды қабылдау, оларды ортадан ерекшелену. Шымылдың алдымен бір жерінен, содан кейін белгілі бір екі жерінен бірізділікпен пайда болатын қуыршақты күту, зейінді қалыптастыру;	3-4 апта 15.01-26.01.2024
12	Алақай қыс келді сурет арқылы әңгімелеп сипаттама балалардың түсініктерін қалыптастыру. Суретте бейнеленген қарапайым әрекеттерді түсіну икемін дамыту. Қыс мезгілінің белгілерін түсіндіру.	Ересектің әрекетін алдымен затсыз, содан кейін затпен (ойыншықтармен) шығару; таныс заттарды тану (өзінің ойыншығын табу), педагог атаған ойыншықты ерекшелену. «Осындай», «ондай емес» салыстыру тәсілдерімен түстердің біртектілігі немесе біртекті еместігіне бағдарлай отырып, түстерді ажырату. Таныс ойыншықтарды олардың бейнелерімен сәйкестендіру.	Ақпан айы 1-2 апта 29.01-09.02.2024
13	Техника құралдары туралы сурет арқылы әңгімелеп сипаттама балалардың түсініктерін қалыптастыру. Қоршаған әлеммен, таныс тұрмыстық немесе ойын жағдайымен байланысты әрекеттерді көрсету және орындау икемдеріне үйрету;		3-4 апта 12.02-23.02.2024
14	Тәулік бөліктері туралы сурет арқылы әңгімелеп сипаттама балалардың түсініктерін қалыптастыру. Дене мүшелердің және киімдердің атауларын түсінуді қалыптастыру;	Естіп қабылдау мен зейінді дамыту: есту тітіркендіргіштеріне әсері болуы; белгілі бір аспаптың дыбысталуына әсерін әрекетпен білдіре отырып, екі-үш	Наурыз айы 1-2 апта 26.02-07.03.2024
	Көктем мезгілі туралы үйрету. Жыл мезгілі туралы сурет		

	арқылы әңгімелеп сипаттама балалардың түсініктерін қалыптастыру.	музыкалық аспаптың дыбысталуын ажырату;дыбысқа еліктеуді ажырату, дыбысталудың сәйкес ойыншыққа қатысын анықтау;дыбыстарды тану және нақты бейнелермен сәйкестендіру.	3-4 апта 11.03-20.03.2024
15	Наурыз мейрамы туралы сурет арқылы әңгімелеп сипаттама балалардың түсініктерін қалыптастыру. Достарының, қуыршақтардың есімдерін атау икеміне үйрету;		
16	Гүлдер, бөлме өсімдіктері туралы сурет арқылы әңгімелеп сипаттама балалардың түсініктерін қалыптастыру. Суреттен көрсетіп, жеке атауға үйрету.	Тактильдік-қимылдық қабылдауды дамыту: көлемді пішіндерді (шар, текше) еліктеу бойынша практикалық әрекеттер арқылы ажырату. Ересектің әрекетіне еліктеу, үлкен заттарды екі қолымен, кіші заттарды бір қолымен алу; заттардың көлемін (үлкен, кіші) ұстау арқылы қабылдау. Өзара байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға үйрету (жаю-жинау, алу-салу, апарып қою).	Сәуір айы 1-2 апта 26.03-05.04.2024
17	Достық туралы сурет арқылы әңгімелеп сипаттама балалардың түсініктерін қалыптастыру. Балаларға бастырып, сурет салу.		3-4 апта 08.04-19.04.2024
18	Жаз мезгілі туралы түсінік. Жаз мезгілі туралы сурет арқылы әңгімелеп балалардың түсініктерін қалыптастыру.	Күтілетін нәтижелер:	Мамыр айы 1-2 апта 22.04-03.05.2024
19	Күтілетін нәтижелер: ➤ сөзсіз қарым-қатынас нысандарын пайдаланады; ➤ ересек адамдардың сөз сөйлеулерін, әңгімелерін, өлеңдерін, тақпақтарын, әндерін тыңдайды және қызығушылық танытады; ➤ таныс дауыстарға және былдыр сөздерге еліктеуді жүзеге асырады. ➤ сөйлеу тілінде айналадағы заттардың атауларын және олармен жасайтын әрекеттерді түсінеді және ажыратады; ➤ кейбір дене мүшелері мен киімдердің атауларын түсінеді; ➤ ересектердің көмегімен қарапайым сөйлемдерді қолданады; ➤ қарапайым сұрақтарға бір сөзбен, ым-ишаратпен немесе дыбыстар кешенімен жауап береді.	➤ түстерді салыстырады; ➤ заттардың көлемін (үлкен, кіші) ажыратады; ➤ геометриялық пішіндерді (шар, текше) сипау арқылы ажыратады; ➤ заттарды сезімталдықтың әртүрлі түрлерін тексеруге қатыстыра отырып қарастырады; ➤ жақын ортадағы заттарды көру арқылы таниды; ➤ таныс ойыншығының бейнесін затпен сәйкестендіреді; ➤ екі-үш музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажыратады; ➤ ойыншықтармен әрекеттерді (жаяды-жинайды, алады-салады, апарып қояды) орындайды.	3-4 апта 06.05-17.05.2024
		Әр баланың жеке түзету жұмысын жүргізу (1с)	